

# Жамбыл тынысы

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті



## Тәуелсіздікке 25 жыл!

### «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!»

Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу бойынша ҚР 2015-2025 жылдарға арналған Стратегиясында тұлғаны бала кезінен қазақстандық патриотизм мен сыбайлас жемқорлықты қабылдамау рухында тәрбиелеу туралы айтылған. Осыған орай, жастардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, оған қарсы мүлдем төзбеушілікті қалыптастыру мақсатында ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің қызметкерлері С.А.Алибеков, Бегалиев Б.Д. 311, 321, 326, 317, 323, 327 топтарында «Сыбайлас жемқорлықтың түрлі салаларға тигізетін зардаптары» және «Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» тақырыптары бойынша дәріс оқыды.



### «Балауса» қыздар клубы

15.11.2016 ж. сейсенбі күні «Балауса» қыздар клубымен бірлесе «Неке тазалығы» (телегония) атты дәріс өткізілді. Мақсаты: әрбір қыз ертеңгі аяулы жар, аяулы ана, өмір тірегі екенін ұғындыру. Қонақ ретінде ЖДО психологы З.Т. Курумбаева қатысты.



### «Ішімдікке жол жоқ!»

Наркобекет комиссиясының төрайымы А.С.Ташмаханбетова ішімдік пен зиянды заттарды қолданудың алдын алу және студенттерге зиянды әрекеттерден қашық болуларына үйрету, зиянды әдеттердің адам денсаулығына зиян екенін студенттерге жеткізу, студенттерді спортпен шұғылдануына жетелеу мақсатында флеш – моб және сурет байқауы өткізілді.



### «Өмір, қымбатсың маған»

Жамбыл облыстық мүгедектерді оңалту және бейімдеу орталығында Халықаралық мүгедектер күніне орай «Өмір, қымбатсың маған» атты қайырымдылық концертті ұйымдастырып, Жамбыл медициналық колледжінің белсенді студенттері алғыс хатпен марапатталды.



### «Топ басшы - 2016»

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай эстетикалық және рухани – адамгершілікті дамыту мақсатында 2016-2017 оқу жылында түскен студенттердің арасында патриоттық сезімдерін және мамандыққа деген сүйіспеншілікті, топ басшы мен білімгерлердің арасындағы қарым-қатынасты жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Д.Б.Уркимбаева, студенттер кәсіподақ ұйымының төрайымы Б.А.Қырықбаева және белсенді студент А.Нарымбеттің ұйымдастыруымен «Топ басшы - 2016» байқауы өткізілді.



Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Д.Б.Уркимбаеваның жетекшілігімен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай мемлекеттік рәміздерді насихаттау мақсатында жастар арасында блиц-сұрақтар ұйымдастырылды.



08-12.11.2016 жылы Астана қаласында өткізілген «Қазақстан студенттерінің Альянсы» Республикалық студенттік қозғалысының XIII шақырылымына облыс бойынша іріктеліп Жамбыл медициналық колледжінен 201 топ студенті Қыпшақбаев Еркем қатысты. Студенттер кәсіподақ ұйымы қаржылай демеушілік жасады.

17.11.2016 ж. Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Д.Б.Уркимбаева, студенттік кеңес ұйымы төрағасы 420 топ студенті Е.Т.Жанұзақ және «Жас Отан» жастар қанатының мүшелерінің ұйымдастыруымен 17-қараша халықаралық студенттер мерекесіне орай «Қызықты көңіл, студенттік өмір!» атты концерттік бағдарлама өткізілді. Іс-шара барысында белсенді студенттер алғыс хаттармен марапатталды.

18.11.2016ж. Облыстық денсаулық сақтау қызметкерлері кәсіподағының кеңесінде студенттер кәсіподақ ұйымының төрайымы Қырықбаева Б.А. «Ел тәуелсіздігі -Жарқын болашақ кепілі» тақырыбында тәуелсіздіктің 25 жылдағы ішінде студенттер кәсіподақ ұйымының жетістіктері туралы баяндама оқыды.

Біздің мекен жайымыз: Тараз қаласы, Ниетқалиев көшесі №20, Жамбыл медициналық колледжі.  
Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.



# Жамбыл тынысы

№3 5 желтоқсан 2016 жыл дүйсенбі

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті



## Тәуелсіздікке 25 жыл!

### Бүгінгі нөмерде:



Астана қаласында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі ағымдағы жылдың 24-25 қараша аралығында «Назарбаев Университеті» ДБҰ базасында жетекші шетел университеттері және медициналық ЖОО-лар арасында стратегиялық әріптестіктің бірінші кезеңін іске асыру барысында қорытынды конференция өтті. Конференцияның жұмысына Жамбыл медициналық колледжінің директоры Ж.Н.Сарыбекова қатысты.



### «Елбасы жолы – ертеңге өнеге»

1 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған «Елбасы жолы – ертеңге өнеге» тақырыбында колледжішілік ашық тәрбие сағатын топ кураторы Б.Л. Абденкулова «Емдеу ісі» 222 топ студенттерімен өткізді. Тәрбие сағаты Н.Ә.Назарбаевтың өмірін, еңбек жолын үлгі-өнеге ете отырып, жас ұрпақтың ұлттық патриоттық сезімдерін арттыру, оларды өз Отанын, халқын сүйетін азамат болып өсуге, елжандылыққа тәрбиелеу, шәкірт жүрегінде Елбасына деген сүйіспеншілік, мақтанш сезімдерін ояту, Н.Ә.Назарбаевтың ұлы тұлға екенін таныту мақсатымен өткізді. Ашық тәрбие сағаты жоғары деңгейде өтіп, өз мақсатына жетті.



- 1 желтоқсан - Тұңғыш Президент күні
- «Назарбаев Университеті» ДБҰ базасындағы қорытынды конференция
- Әдістемелік мектеп. Жас оқытушылар мектебінің отырысы
- Біліктілікті жетілдіру және қайта даярлау, симуляциялық оқыту орталығында қараша айында өткізілген іс-шаралар
- Колледждегі ашық іс-шаралар
- «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік» атты психологиялық апта
- Республикалық Жастар форумы
- Дәрістер: «Құқық бұзушылыққа жол бермейік!», «Ішімдікке жол жоқ!», «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!»
- Оқырман шығармашылығынан
- Колледж оқытушылары мен студенттерінің жетістіктері
- «Қазақстан студенттерінің Альянсы» Республикалық студенттік қозғалысының XIII шақырылымы
- «Балауса» қыздар клубы
- «Өмір, қымбатсың маған» атты қайырымдылық концерт
- «Топ басшы - 2016» қалалық байқауы

# Жамбыл тынысы

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті



## Тәуелсіздікке 25 жыл!

### Әдістемелік мектеп. Жас оқытушылар

#### мектебінің отырысы

18.11.2016 ж. Әдістемелік кабинет меңгерушісі Ж.Б.Иманбекова мен әдіскер Л.К.Батаева және колледж психологы А.Н.Оскенбаевамен бірлесе отырып, «Жеке тұлға – кәсіби маман» тақырыбында жас оқытушыларға арналған семинар – тренинг өткізілді. Мақсаты: ұжым арасындағы байланысты нығайта отырып, эмоционалды жігер беру, бірін - бірі кеңірек танып білуге, қатысушылардың өз мүмкіндіктерін шамалауға және шаршағандықтарын төмендетіп, көңіл күйлерін көтеру.



## Біліктілікті жетілдіру және қайта даярлау, симуляциялық оқыту орталығындағы іс-шаралар

24.10 - 05.11 аралағында ақылы негізде, орыс тілде «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша «Функционалдық диагностика бойынша мейірбике жұмысы», «Емдік массаж», «Анестезиологияның және қарқынды терапияның өзекті мәселелері» атты циклдар өткізді.



07.11.2016.-19.11.2016 жылы бюджет негізде «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша «Балалық шақтағы ауруларды ықпалдастыра емдеудегі мейірбике рөлі», «Жалпы тәжірибе дәрігері мейірбикесінің жұмысы» атты циклдар өткізді.



29.10.2016жылы «Жүректің кенет тоқтауындағы жүрек-өкпе реанимациясы», «Аурухана ішілік инфекция» - тақырыптары бойынша колледж оқытушылары үшін семинар – тренинг өткізді. Семинарда қалалық балалар ауруханасының жоғары санатты дәрігер- реаниматологы И.Э. Юлдашева дәріс оқыды, манекендерде тәжірибелік дағдыларды көрсетті.



Салауатты өмір салтының негізгі қағидаларының бірі - жеке бас гигиенасын сақтау болып табылады. Жастар арасында қолды таза ұстаудың маңызын насихаттау мақсатымен Жамбыл медициналық колледжінің Б корпусында оқытушылар мен 3-4 курс студенттер арасында «Қолды таза ұстау-өңдеу» айлық іс-шара өткізілді.



## Ашық сабақтар мен ашық тәрбие сағаты

18.11.2016 ж. Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына байланысты "XV - XVI ғғ. Қазақ хандығы" тақырыбында тарих пәнінің оқытушысы Рахметдаева А.Т 207 топ "Мейірбике ісі" бөлімінің студенттерімен ашық семинар - сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: Қазақ хандығының құрылуы, қазақтың алғашқы хандары, қазақ хандығының әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайы, шаруашылығы туралы алған білімдерін жүйелеу, нақтылау, қорытындылау. Сабақ өз мақсатына жетті.

16.11.2016 ж. «Медбикелік іс» бөлімінің 204 топ студенттерімен психология пәнінен «Ойлау және сөйлеу. Зерде» тақырыбында А.Н. Оскенбаева ашық сабақ өткізді. Сабақ ойлау түрлері мен нысандары, сөз сөйлеу ерекшеліктері, сөйлеу қызметтері, зерде түсінігі, жалпы зерделік қабілеттер туралы студенттерге толық мәліметтер беру, түсіндіру мақсатымен өтті Ашық сабақ өз мақсатына жетіп, жоғары деңгейде өткізілді.



Психология негіздері және коммуникативтік дағдылар пәнінен «Медбикелік іс» бөлімінің 310 топ студенттерімен психология негіздері пәнінің оқытушысы Ж.С.Қалдыбекова «Психосоматикалық жағдайлар. Психосоматикалық жағдай механизмдері» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Студенттерге психосоматикалық және соматопсихикалық өзара әсерлер туралы, психосоматикалық бұзылыстар жіктелуі туралы, психогения мен соматогениялар туралы түсінік беру, соматикалық және хирургиялық аурулар кезіндегі психологиялық қорғаныс бойынша негізгі жағдайлар туралы толық мәліметтер берілді. Ашық сабақ өз мақсатына жетті.

25.11.2016 ж. ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған "Тәуелсіз ел - Ұлы Дала Елі" атты ашық тәрбие сағатын тарих пәнінің оқытушысы Сыздықова Ғ.А. 306 топ "Емдеу ісі" бөлімінің студенттерімен өткізді. Мақсаты: Тәуелсіздіктің 25 жылдығын, мәңгілік ел, ұлы дала елі тарихын насихаттап студенттердің бойына сіңіру, ұлттық патриоттық сезімдерін ояту. Тәрбие сағаты жоғары деңгейде өтіп, мақсатына жетті.



# Жамбыл тынысы

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті



## Тәуелсіздікке 25 жыл!

### Құттықтаймыз!



«Шығармашыл ұстаз» атты қашықтықтан өткізілетін III - Республикалық педагогтардың сыныптан тыс іс-шаралары сайысында колледж психологы А.Н. Өскенбаева қатысып, жүлделі I орынға ие болып, дипломмен марапатталды.



Астана қаласында өткен жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтарына арналған қашықтықтан өткізілген «Менің педагогикалық ұстанымым» байқауына химия пәнінің оқытушылары Р.А.Асилбекова, Н.Е.Жампейсова, М.С. Молдабаева қатысып, «Үздік ашық сабақ» номинациясының бас жүлдесіне ие болды.



Республикалық «ZIAT» ғылыми-әдістемелік орталығында өткен «Үздік ашық сабақ» атты республикалық оқытушылар сайысына колледж әдіскері Л.К.Батаева қатысып, II орынды иеленді.



«Шығармашыл ұстаз» атты қашықтықтан өткізілетін III - Республикалық педагогтардың сыныптан тыс іс-шаралары сайысында директордың тәжірибе ісі жөніндегі орынбасары Қ.Т. Андақұлова және фармакология пәнінің оқытушысы Ұ.М.Ахметова жүлделі I орынға ие болып, дипломмен марапатталды.

Ағылшын тілі пәнінің оқытушысы Ж.С. Алибаева жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтарына арналған қашықтықтан өткізілген «Менің педагогикалық ұстанымым» байқауына қатысқанын растау туралы сертификатқа ие болды.

«Шығармашыл ұстаз» атты қашықтықтан өткізілетін III - Республикалық педагогтардың сыныптан тыс іс-шаралары сайысында колледждің бас психологы Ж.Л.Шужеева қатысып, жүлделі I орынды иеленіп, дипломмен марапатталды.



ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған колледж студенттері арасында өткізілген «Жас Ұлан» әскери-патриоттық ойында жүлделі III орынды колледждің студенттері иеленіп, дипломмен марапатталды. Колледждің бастапқы әскери даярлық пәнінің оқытушысы Ж.Б. Бегалиев алғыс хатпен марапатталды.



«ZIAT» Ғылыми – әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен өткен VII Республикалық «Ғылым шарайнасы» атты студенттердің ғылыми жұмыстар сайысында «Үздік мақала» номинациясы бойынша II орынға ие болған А.Таумбекова және жетекшісі А.Н. Өскенбаева дипломмен марапатталды.



Тараз қаласы әкімдігі ішкі саясат бөлімі «Жаңа Ру» жастар коалициясының ұйымдастыруымен «Жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында облыстық сурет байқауы өткізілді. Байқауға Жамбыл медициналық колледжінің «Медбикелік іс» бөлімі, 210 топ студенті Сейдуалиева Айгерім қатысып, жүлделі II орынға ие болып, дипломмен марапатталды.



ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығы мен I желтоқсан - Тұңғыш Президент күні мерекесіне орай IV облыстық «Студенттік бал-2016» атты мерекелік шарасында «Үздік көшбасшы-2016» номинациясын «Емдеу ісі» бөлімінің 201 топ студенті Е.Қыпшақбаев иеленіп, дипломмен марапатталды.

ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында өткен «Жастар LIFE» думанды додада ең үздік өнер көрсеткелері үшін колледж студенттері Назерке және Аерке Қолдағановалар «Таңғажайып қойылым» номинациясы дипломымен марапатталды.



«Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» тақырыбында мемлекеттік тілде жалпықазақстандық шығарма жазу байқауында колледж студенті А.Қалтай жоғары нәтиже көрсетіп, жүлделі III орынға ие болып, дипломмен марапатталды.

VII Республикалық «Ғылым шарайнасы» атты студенттердің ғылыми жұмыстар сайысында «Жас зияткер» номинациясы бойынша колледж студенті Ш.Ибрагимова II орынға ие болды. Жетекшілері К.Т. Андақұлова, У.М.Ахметова дипломдармен марапатталды.